

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 қыркүйек N 1016

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
сақтандыру мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен
толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық К990409_ кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 жылғы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2002 жылы 25 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Z020323_ Заңы):

1) 8 2 5 - б а п т а :

1-тармағының 3) тармақшасында "сақтанушыға" деген сөзден кейін "(сақтандырылған адамға)" деген сөздермен толықтырылсын;
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Міндет сақтандыру бойынша жазбаша шарттың нысаны міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде, ал ерікті сақтандыру бойынша - сақтандырушы белгілейді не тараптардың келісімімен белгіленеді.";

2) 829-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі және 2, 3-тармақтарындағы "сақтанушы", "сақтанушыға", "сақтанушымен", "сақтанушымен", "сақтанушы" деген сөздерден кейін тиісінше "(сақтандырылған адам)", "(сақтандырылған адамға)", "(сақтандырылған адаммен)", "(сақтандырылған адаммен)", "(сақтандырылған адам)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 833 - бапта :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"833-бап. Сақтандыру тәуекелін және келтірілген зиянды бағалау";

1-тармақ "қарап тексеруге" деген сөздерден кейін "және бағалауға" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандырушының сақтандырылатын мүлікті және келтірілген зиянды бағалау сақтандырудың құрамдас бөлігі болып табылады және қосымша лицензиялауды қажет етпейді." ;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Сақтандыру жағдай салдарынан келтірілген залалдың мөлшерін сақтандырушы немесе оның бастамасы бойынша бағалаушы (тәуелсіз сарапшы) анықтайды. Сақтанушы залалды бағалау нәтижелеріне келіспеген жағдайда өзгеше дәлелдеуге құқылы." .

4) 835-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын :

"Егер шартта немесе міндетті сақтандыру туралы заң актісінде ескерту мерзімі және (немесе) тәсілі көзделсе, ол келісілген мерзімде және шартта немесе заң актісінде көрсетілген тәсілмен жасалуы тиіс.";

5) 839-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Егер бұл заң актілеріне қайшы келмесе, міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде не сақтандыру шартының талаптарында сақтандыру төлемінен бас тарту үшін басқа да негіздер көзделуі мүмкін.";

6) 924-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"924-бап. Сақтандыру кезінде зиянды өтеу

1. Азамат немесе заңды тұлға өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті немесе міндетті сақтандыру тәртібімен сақтандырған сақтандырушы келтірілген зиянды сақтандыру сомасы мөлшерінде өтейді.

2. Өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті немесе міндетті сақтандыру тәртібімен сақтандырған азамат немесе заңды тұлға келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда сақтандыру сомасы мен залалдың

нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді."

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы К010155_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4 , 33 - қ ұ ж а т) :

1) 173-бап мынадай мазмұндағы он бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"15. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық есептілік пен өзге де мәліметтерді Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау міндеттілігі туралы талаптарды бұзуы - бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 174-бапта "дейінгі" деген сөз алынып тасталсын;

3) 175-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру ұйымының заң актілерінде көзделген міндетті сақтандыру шартын ж а с а с у д а н ж а л т а р у ы -

лауазымды адамдарға - елу, заңды тұлғаларға - бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Көлік құралдары иелерінің Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудан жалтаруы - азаматтарға - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Темір жол көлігінде тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы өз азаматтық-құқықтық жауапкершілігін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті сақтандырудан жалтаруы - азаматтарға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Теңіз көлігінде тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы өз азаматтық-құқықтық жауапкершілігін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті сақтандырудан жалтаруы - азаматтарға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Ішкі су көлігінде тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы өз азаматтық-құқықтық жауапкершілігін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті сақтандырудан жалтаруы - азаматтарға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Әуе көлігінде тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы өз азаматтық-құқықтық жауапкершілігін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті сақтандырудан жалтаруы -

азаматтарға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Автомобиль көлігінде және қалалық электркөлікте тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы өз азаматтық-құқықтық жауапкершілігін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті сақтандырудан жалтаруы -

азаматтарға - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды адамдарға - жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 470-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруы -

бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

5) 5 4 3 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "165" деген сөз "165, 175 (екінші және жетінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 7) тармақшасында:

"Кодекстің" деген сөзден кейін "175 (екінші және жетінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

"470 (бірінші бөлігінде)" деген сөздер "470 (бірінші және үшінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 545-баптың бірінші бөлігі "Кодекстің" деген сөзден кейін "175 (үшінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 546-баптың бірінші бөлігі "Кодекстің" деген сөзден кейін "175 (төртінші және бесінші бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 547-баптың бірінші бөлігі "Кодекстің" деген сөзден кейін "175 (алтыншы бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

9) 5 7 3 - б а п т а :

бірінші бөлігіндегі "173-175-баптарда" деген сөздер "173-175-баптарда

(бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға

құқығы бар лауазымды тұлғаларының құзыреті осы Кодекске сәйкес белгіленеді.";

10) 630-баптың бірінші бөлігі "466-469" деген сөзден кейін ", 470 (үшінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

11) 636-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "баптың екінші бөлігі" деген сөздер "175-баптың үшінші - жетінші бөлігі, баптың екінші бөлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.